


Атырау облысының жер бедері

Аумағы

- Геоморфологиялық тұрғыдан облыстың жер бедері бір-бірінен айырмасы бар, үш аймаққа бөлінеді.
- **1. Каспий ойпаты, облыс жерінің үлкен бөлігін қамтиды.**
- **2. Орал маңы қыраты, терістік шығыста Қызылқоға және Жылой әкімшілік аудандарымен жалғасады.**
- **3. Үстірт қыраты**

Атырау облысы





Геологиялық дамуы

- Геологиялық тұрғыдан алғанда Атырау облысы көне Шығыс Еуропа платформасына ендеп кірген Каспий маңы ойпатының оңтүстік жағалауын алып жатыр.

Аймақта:

- *жоғарғы пермьдік-триастық,*
- *юра-палеогендік;*
- *неогендік-төрттік даму кезендері айқын көрінеді.*

Жер бедері

- Атырау облысының жер бедері солтүстігінен оңтүстікке қарай аласарып, Ойыл, Сағыз, Жем өзендері салаларымен тілімденген.
- Жем қыраты мен Үстірттің батыс сілімдері Доңызтау (214 м), оның бөліктері Желтау (221м), Тамды (175) жоталары алып жатыр. Жем өзендері Иманқара (199м) Қойқара қыраттары орналасқан. Олар ақшыл ізбес тастан тұрады.
- Жайық өзенінің сол жақ жағалауында Индер тауы орналасқан.
- Шағыл-құмдардан -Нарын құмы (сары түсті) Атырау облысындағы ең үлкен құм массиві. Каспий маңы ойпатының оңтүстік және оңтүстік батыс бөліктерінде құмды шағылдар көп тараған. Ойыл мен Сағыз аралығын Тайсойған құмы , облыстың шығысын Каспий маңы Қарақұмы алып жатыр.
- Атырау аумағында кең тараған жер бедерінің бір түрі сорлар. Олардың тереңдіктері 5-10 м-ге жетеді



1. Атырау облысы жер бедері бір-бірінен айырмасы бар неше аймаққа бөлінеді?
А) 2 Б) 3 С) 4 Д) 5
2. Атырау облысы Үстірт қыратымен... шектеседі
А) Оңтүстік-батысы Б) солтүстік-батысы С) оңтүстік-шығысы Д) солтүстік-шығысы
3. Атырау облысында кездеспейтін жер бедері
А) қыраттар Б) жоталар С) ойпаттар Д) биік таулар
4. Атырау облысындағы ең ірі құм
А) Нарын Б) Тайсойған С) Мойынқұм Д) Қызылқұм
5. Атырау аумағында кең тараған жер бедерінің бір түрі сорлар олардың орташа тереңдіктері
А) 2-3 м Б) 3-4 с С) 4-6 м Д) 5-10 м
6. Атырау облысының жер бедері солтүстіктен оңтүстікке қарай
А) өзгермейді Б) биіктейді С) аласарады Д) аталғандардың барлығы
7. Атырау облысының ең көп бөлігін ... Алып жатыр
А) Каспий маңы ойпаты Б) Жем үстірті С) Торғай үстірті Д) Үстірт
8. Атырау облысында көп кездесетін тау жынысы
А) магмалық Б) шөгінді С) метаморфтық Д) барлығы кездеседі

Дұрыс жауабын тексеру.

1. Атырау облысы жер бедері бір-бірінен айырмасы бар неше аймаққа бөлінеді?
Б) 3
2. Атырау облысы Үстірт қыратымен... Шектеседі
С) оңтүстік-шығысы
3. Атырау облысында кездеспейтін жер бедері
Д) биік таулар
4. Атырау облысындағы ең ірі құм
А) Нарын
5. Атырау аумағында кең тараған жер бедерінің бір түрі сорлар олардың орташа тереңдіктері
Д) 5-10м
6. Атырау облысының жер бедері солтүстіктен оңтүстікке қарай
С) аласарады
7. Атырау облысының ең көп бөлігін ... алып жатыр
А) Каспий маңы ойпаты
8. Атырау облысында көп кездесетін тау жынысы
Б) шөгінді

Үйге тапсырма

Географиялық атауы	Орналасқан жері	Ұзындығы	Ені	Өсімдік-жануары